

АНЕМИЯ

Жалпы жағдайын қарау

- Бұл кезде науқастың тері қабатына, терінің трофикалық жағдайына, терінің шырышты қабатына, тырнақтарына, шаш жағдайына, төсектегі қалпына, сана сезіміне, ауыз қуысына мән береміз.

Анемиялық
синдром

Темірдің
латентті
жетіспеушілік
синдромы

Сидеропениял
ық синдром

Анемиялық синдром

Анемия тереңдігіне және даму жылдамдығына байланысты пайда болады.

- Әлсіздік, шаршағыштық
- Тәбеттің бұрмалануы, төмендеуі
- Ентігу, жүрек қағу
- Бас айналу
- Құлақтағы шуыл, естен тану
- Стенокардия ұстамасы

Темірдің латентті жетіспеушілік синдромы

- Тері және оның қосымшаларының дистрофиясы
- Иіс және дәм сезудің бұрмалауы
- Бұлшықет гипотониясы (зәрді ұстай алмау)
- Бұлшықеттік ауырсынулар
- Назар аударудың төмендеуі
- Ес бұзылысы

Сидеропениялық синдром


1. Бұлшықет аппараты өзгерісі:
 - Бұлшықеттік әлсіздік (бұлшықетте миоглобин мен фермент жетіспеушілігінен), осыдан әлсіздік пайда болады
 - Бұлшықеттердің гипотониясы (бұлшықет сфинктерінің әлсіреуінен) , нәтижесінде зәр ұстай алмаушылық (күлгенде, жөтелгенде)
 - Қызбалаларда түнгі зәрді ұстай алмаушылық көп кездеседі

2. Тері өзгерісі

- Тері құрғап, түлейді
- Аналь тесігінде, ауыз бұрышында, табанда, алақанда жаралар пайда болады
- Шаш сынғыш және түсуге бейім болады
- 20-25% жағдайда терінің жұқаруы, көлденеі сызаттануы түріндегі өзгеруі болады.

3. 10-15%-да асқазан-ішек жолдарының шырышты қабатының өзгерісі болады.

- Ауыз бұрышы жарылуы, эрозиялануы
- Пародонтозға, тіс жегіге бейім болады



4. Иіс сезу өзгерістері

- Әр түрлі иіске құмарлық (бензин, газ, мазут, газет қағазы, ацетонға, лакка)

5. Дәм сезу бұзылыстары

- Бор, Көмір, Саз, құм, Шикі қамыр, фарш жегіштік түрінде көрінеді

6. Тыныс жолдарының шырышты қабаттарының өзгерісі (атрофиялық ринит, фарингит)

7. Көру ағзасының шырышты қабатының өзгерісі (87% көгілдір склера симптомы)

8. Термореттелудің бұзылысы

9. Асқорыту жолының өзгерісі кезіндегі симптом (өңештің шырышты қабатының құрғауы, кешкі уақытта және шаршаған кезде жұтынудың қиындауы)

10. Ішкі ағзалардың дистрофиялық өзгерісі (екіншілік анемиялық сидеропениялық миокардиодистрофия)

11. Т және В-лимфоциттердің мөлшерінің төмендеуі.

Қан
жоғалтудан
болатын
анемия

- Анемиялық синдром

Темір
тапшылығы
білінетін
анемия

- Анемиялық синдром
- Сидеропениялық синдром

В12 фолия
қышқылы
тапшылығыме
н болатын
анемия

- Анемиялық синдром
- Нерв жүйесінің
зақымдануы

Қанның жалпы анализі

ер

- Гемоглобин 130г/л-ден төмен
- Гематокрит 39%-дан төмен
- Эритроцит $4 \cdot 10^{12}$ -ден төмен

әйел

- Гемоглобин 120г/л-ден төмен
- Гематокрит 36%-дан төмен
- Эритроцит $3,5 \cdot 10^{12}$ -ден төмен

жүктіле
р

- Гемоглобин 110г/л-ден төмен

Қанның биохимиялық анализі

- Сарысулық ферритин концентрациясының төмендеуі
- Сарысулық темір концентрациясының төмендеуі
- Трансферритиннің темірмен қанығуының төмендеуі